

**Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының есеп беру ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 275 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 28 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5114 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 97 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы", "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының есеп беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және оның қолданылуы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

4. Стратегия және талдау департаменті (Г.А. Ділімбетова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, ашық жинақтаушы зейнетақы қорларына, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы", "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестіктеріне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттіктің Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	ұйымдарын
реттеу	мен	агенттігі
Басқармасының		
2007	жылғы	24 желтоқсандағы
N 275 қаулысымен бекітілген		

**Банктердің ірі қатысушыларының және банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының есеп беру ережесі**

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі - Банктер туралы Заң), «Қазақстан Республикасында зейнетақымен

камсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен камсыздандыру туралы Заң), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы Заң), "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы " 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңдарына сәйкес әзірленді және банктердің ірі қатысушыларының және банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының (бұдан әрі - қаржы ұйымының ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру холдингтері) қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептілікті беру нысандарын және тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Бір мезгілде басқа банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болып табылатын қаржы ұйымы ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің есептілігі уәкілетті органға осы Ережеде көзделген нысандарда ұсынылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Қаржы ұйымының ірі қатысушылары, банк холдингтері және сақтандыру холдингтері есептілікті уәкілетті органға тиісінше Банктер туралы Заңының 54-1-ші , Сақтандыру қызметі туралы Заңының 74-1-ші , Зейнетақымен камсыздандыру туралы Заңының 49-2-ші баптарымен белгіленген мерзімдерде ұ с ы н а д ы .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

4. Заңды тұлғалар болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушыларының , банк холдингтерінің және сақтандыру холдингтерінің қаржылық есептілігіне м ы н а д а й

н ы с а н д а р к і р е д і :  
бухгалтерлік баланс;  
пайда және шығындар туралы есеп;  
ақша қозғалысы туралы есеп;  
меншікті капиталдағы өзгеріс туралы есеп;

есеп жүргізу саясаты туралы ақпарат және түсіндірме жазба.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Қаржы ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға қағаз тасымалдауышта аудиторлық ұйымымен расталмаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны қаржылық жылы аяқталған соң жүз жиырма күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Банк холдингі, сақтандыру холдингі, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органға қағаз жеткізушіде есептік тоқсаннан кейінгі қырық бес күнтізбелік күн ішінде тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілік пен оған түсіндірме жазбаны, сондай-ақ қаржы жылы аяқталған соң жүз жиырма күнтізбелік күн ішінде аудиторлық ұйым растамаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме ж а з б а н ы т а б ы с е т е д і .

Өздері орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын, банк холдингі, сақтандыру холдингі, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органға қағаз жеткізушіде қаржы жылы аяқталған соң жүз жиырма күнтізбелік күн ішінде аудиторлық ұйым растамаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны табыс етеді.

Өздері орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын және Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын, заңды тұлға болып табылатын, қаржы ұйымының, банк холдингінің ірі қатысушысының, сақтандыру холдингінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын, ашық

жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының жылдық қаржылық есептілігіне берілетін түсіндірме жазбада мынадай ақпарат:

1) қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің қызмет түрлерінің сипаттамасы;

2) қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі қатысушы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің мөлшері (тиесілі акциялар саны), қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы;

3) қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, жарғылық капиталдағы оның қатысу үлесінің мөлшері (оған тиесілі акциялардың саны), осы ұйым қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы көрсетілуі тиіс.

Қаржы ұйымында банк холдингі, сақтандыру холдингі немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы болмаған жағдайда, заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті органға қағаз жеткізушіде есептік тоқсаннан кейінгі қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей тоқсан сайын қаржылық есептілік пен оған түсіндірме жазбаны т а б ы с е т е д і .

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

6-1. Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі уәкілетті органға қаржылық есептілікті, оған түсіндірме жазбаны және осы Ереженің 6-тармағында көзделген өзге мәліметтерді қазақ және орыс тілдерінде табыс етеді

**Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

7. Сақтандыру холдингі уәкілетті органға Заңның 74-1-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде есептілікті ұсынады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы**

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Түсіндірме жазбада осы Ережеге 1 - 3-қосымшаларға сәйкес ақпарат көрсетіледі, сондай-ақ ақпаратты толық ашып көрсету үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау жөніндегі жұмыс кестелерін қоса бере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау әдістерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы және қаржы ұйымы ірі қатысушысының (ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) банк холдингінің, сақтандыру холдингінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының) шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосылған заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымы ірі қатысушысының еншілес және тәуелді ұйымдарының (ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар) банк холдингінің, сақтандыру холдингінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының) қаржылық есептілігі баптарының т а л д а м а л а р ы к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 ( мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8-1. Егер қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі болып Қазақстан Республикасының резиденті - қаржы ұйымы табылса, онда қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі осы Ереженің 1-3-қосымшаларына сәйкес ақпаратты береді, бұл ретте егер қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі уәкілетті органға осы қаржылық есептілікті талап етілген кезең бойынша берген болса, қаржылық есептілік пен оған түсіндірме жазба берілмейді .

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

9. Заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі шоғырландырылған, ал ол болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит жөніндегі есептің көшірмелерін және аудиторлық ұйымының ұсыныстарын уәкілетті органға осы құжаттарды алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн



Өздері орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденті емес – банк холдингі, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының резиденті емес – сақтандыру холдингі, заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес – ірі қатысушы уәкілетті органға аудиторлық есептің және аудиторлық ұйымы ұсыныстарының көшірмесін осы құжаттарды өздері орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденті емес – банк холдингі, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының резиденті емес – сақтандыру холдингі, заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес – ірі қатысушы алған күннен бастап отыз күн ішінде береді.

Өздері орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденті емес – банк холдингінің, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының резиденті емес – сақтандыру холдингі, заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес – ірі қатысушының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденті емес – банк холдингі, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін (дауыс беру мүмкіндігі бар), Қазақстан Республикасының резиденті емес – сақтандыру холдингі, заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес – ірі қатысушы орналасқан елде қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйыммен расталады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

9-1. Банк холдингі, сақтандыру холдингі, Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті органға аудиторлық есептің және аудиторлық ұйымның ұсыныстарының көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде табыс етеді.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

10. Банктер туралы Заңының 54-1-бабының 5-тармағының үшінші бөлігінде, Сақтандыру қызметі туралы Заңының 74-1-бабының 4-тармағының үшінші бөлігінде және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңының 49-2-бабының 5-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысы - заңды тұлға, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі уәкілетті органға аталған өзгерістердің сәтінен отыз күнтізбелік күн ішінде осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді мыналарды қоса берумен ұсынады:

алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауын растайтын құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есеп жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның анықтама нысанында берген құжатты (аталған құжаттың берілген күні уәкілетті органға мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді ұсынған күннен бұрын үш айдан аспауы тиіс). Шетелдік азаматтар қосымша олар азаматтық алған елдің, ал азаматтығы жоқ тұлғалар - олардың тұрақты тұратын елдің тиісті мемлекеттік органы берген осыған ұқсас мазмұндағы құжатты ұсынады ;

осы Ереженің 4-қосымшасында көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері .

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың шынайылығын тексеру қажет болған жағдайда тиісті органдар мен ұйымдардан қосымша мәліметтер сұратады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. Жеке тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталған соң жүз жиырма күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес қағаз жеткізушіде кірістер мен мүлкі туралы мәліметтерді қамтыған есептілікті, сондай-ақ осы Ереженің 6-9 қосымшаларына сәйкес ақпаратты ұсынады .

Жеке тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы Қазақстан Республикасының салық туралы заңнамасына сәйкес салық қызметі органдарына кірістері туралы декларацияны берген жағдайда, қаржы жылы аяқталғаннан



кейін жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда салық органдарына ұсынылатын, жеке тұлға тұратын елдің уәкілетті органдары растаған жеке табыс салыға бойынша декларацияның көшірмесін табыс етеді.

Қаржы ұйымының ірі қатысушысы – бір мезгілде екі және одан астам қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы болып табылатын жеке тұлға уәкілетті органға өзі ірі қатысушысы болып табылатын барлық қаржы ұйымдары бойынша мәліметтерді қоса құрастырылған талап етілген кезеңдегі есептілікті бір данада ұ с ы н а д ы .

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 184 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

12. Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі шешім қабылдаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органды тиісінше өзгеріс туралы хабардар етеді:

оған тиесілі банк акциялары санының орналастырылған акциялар санына ( артықшылықты және банк сатып алғандарды шегергенде) және (немесе) ол тікелей немесе жанама иелік ететін немесе тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар банктің дауыс беруші акцияларының санына пайыздық ара қ а т ы н а с ы н ы ң өзгеруі туралы;

оған тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары санының ол тікелей немесе жанама иелік ететін немесе тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының санына пайыздық ара қатынасының өзгеруі туралы;

оған тиесілі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акциялар санының ол тікелей немесе жанама иелік ететін немесе тікелей немесе жанама дауыс беруге мүмкіндігі бар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беруші акцияларының санына пайыздық ара қатынасының өзгеруі туралы.

Көрсетілген ақпаратқа акцияларды сатып алу үшін қолданылған дерек көздері мен құралдарының сипаттамасын қоса алғандағы, осы Ереженің 10, 11-қосымшаларына сәйкес растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті қаржы ұйымының акцияларын сатып алу шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер қоса б е р і л е д і .

Банктер туралы Заңның 17-1-бабының 18-тармағының үшінші бөлігінде, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 36-1-бабының 13-тармағының үшінші бөлігінде, Сақтандыру қызметі туралы Заңның 26-бабының 13-

тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайда, уәкілетті орган банктің, банк холдингінің ірі қатысушысының, банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының өтініші бойынша не аталған фактіні дербес анықтаған жағдайда, осы фактіні анықтаған күннен бастап бір ай ішінде бұдан бұрын берілген жазбаша келісімнің күші жойылды деп тану жөніндегі шешімді банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иемденуге келісім беру үшін көзделген тәртіпте қабылдайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 199, 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12-1. Бір мезгілде банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) екі және одан астам қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлға уәкілетті органға өзі банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) ірі қатысушы болып табылатын барлық қаржы ұйымдары бойынша мәліметтерді қоса жасалған талап етілген кезеңдегі есептілікті бір данада ұсынады.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, ашық жинақтаушы зейнетақы қорлары тиісті қаржы ұйымдары ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру холдингтерінің уәкілетті органға осы Ережеге сәйкес есептілікті уақтылы және толық ұсынуына жәрдемдеседі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 136 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес шешіледі.



N	Операцияның түрі	Операцияны жасау мақсаты	Операция жасалған күні	Сомасы (мың теңгемен)	валютаның түрі (кіріс алынды)	Операцияның басқа қатысушыларының атауы	мың теңгемен)
(Банктің атауы) банктің ірі қатысушысы							
1.							
(Банктің атауы) банк холдингі							
1.							
(Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы							
1.							
Сақтандыру холдингі (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)							
1.							
(Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының атауы) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы							
1.							

**4. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) және қаржы ұйымы бірлесіп қатысатын өзге операциялардың сипаттамасы:**

N	Операцияның түрі	Операцияны жасау мақсаты	Операция жасалған күні	Сомасы (мың теңгемен)	Операция жасалған валютаның түрі (кіріс алынды)	Операцияның басқа қатысушыларының атауы	Қаржылық нәтиже (мың теңгемен)
(Банктің атауы) банктің ірі қатысушысы							
1.							
(Банктің атауы) банк холдингі							
1.							
(Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы							
1.							
Сақтандыру холдингі (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)							
1.							
(Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының атауы) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы							
1.							

**5. Қ о с ы м ш а а қ п а р а т :**

**1) банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) лауазымды тұлғалары туралы ақпарат:**

N	Лауазымды тұлғаның фамилиясы, аты-жөні	Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) болып табылатын ұйымдағы атқаратын қызметі, ұйымның атауын көрсетуімен	Басқа ұйымдарда атқаратын қызметі, ұйымдардың атауын көрсетуімен	Қатысу сомасы/Сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)

1.					
----	--	--	--	--	--

**кестенің жалғасы**

Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялардың қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің), өзге ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (пайызбен)			
дербес		бірлесіп	
тікелей	жанама	пайыз	ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты, (бар болса әкесінің аты)

2) қаржы ұйымы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушысының қатысушылары (акционерлері) туралы ақпарат (қаржы ұйымының (банк холдингінің) ірі қатысушысының ірі қатысушылары (ірі акционерлері) болып табылатын ұйымдардан басқа):

N	Ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты, (бар болса-әкесінің аты)	Сатып алу күні	Жарғылық капиталға қатысу сомасы/ Сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	Иеленген акциялардың саны	Иеленген акциялар санының қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен)			
					дербес		бірлесіп	
					тікелей	жанама	пайыз	ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты, (бар болса-әкесінің аты)
1.								

3) қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу үшін заемдар алу туралы ақпарат:

N	Заем берген ұйымның / жеке тұлғаның атауы	Акциялары (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) заем есебінен сатып алынған ұйымның атауы	Заем сомасы (мың теңгемен)	Жарғылық капиталдағы қатысу сомасы / сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	Акциялар саны	Қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) сатып алған акциялар санының ұйымның дауыс беретін акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен)
1.						

4) қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын ұйымдар тізбесінің өзгеруі туралы ақпарат:

N	Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын ұйымның атауы	Жарғылық капиталына қатысу / акцияларды иелену кезеңі (сатып алу күні және мақсаты, сату күні)	Қаржы ұйымы ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) иеленген акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен)	Мәміле сомасы (мың теңгемен)	Мәміленің нәтижесі (мың теңгемен)
1.					

Бірінші басшы \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, (бар болса-әкесінің аты)) қолы

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, (бар болса-әкесінің аты)) қолы

М ө р д і ң о р н ы

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(фамилиясы, аты, (бар болса-әкесінің аты)) қолы

Телефон \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

